

Капитал нарығы

Айлық шолу

2024 жылғы мамыр

МАЗМҰНЫ

1 ҚЫСҚА ШОЛУ

АХҚО БИРЖАСЫ

- Бөлшек инвесторлар және сауда мүшелері
- AIX QAZAQ Index
- Жалпы шолу
- Акциялар нарығы
- Боротық бағалы қағаздар нарығы



ҚЫСҚА ШОЛУ

2024 жылғы мамырда АХҚО биржасында жаңа сауда мүшелері санының және саудаланатын борыштық қағаздар көлемінің ұлғаюы есебінен өсімнің тамаша көрсеткіштері орын алды. Сондай-ақ бөлшек инвесторлар санының және AIX Qazaq Index мәнінің өсуі байқалды.

АХҚО БИРЖАСЫНЫҢ САУДА МҮШЕЛЕРІ

АХҚО биржасының сауда мүшелерінің саны Еуропа мен БАӘ сауда мүшелерінің қосылуы арқылы 40-тан 42-ге дейін өсті

42
Сауда мүшесі

+1 жаңа

Еуропадан сауда мүшесі

+1 жаңа

БАӘ-ден сауда мүшесі

БОРЫШТЫҚ ҚАҒАЗДАРМЕН САУДА-САТТЫҚ КӨЛЕМІ

АХҚО биржасында сатылатын борыш көлемі 6 64 млн-ға дейін өсті, бұл өткен жылғы мамырдағы көрсеткіштерден (\$17 млн) 5 есе жоғары

\$64
млн

+8 жаңа

2024 жылғы мамырдағы борыштық қағаздар листингтері

+4 жаңа

2024 жылғы мамырдағы борыштық қағаздар эмитенті

ASTANA INTERNATIONAL EXCHANGE

Astana International Exchange (АХҚО биржасы) 2017 жылы «Астана» халықаралық қаржы орталығын (АХҚО) дамыту аясында құрылған.

АКЦИОНЕРЛЕР

- АХҚО әкімшілігі
- Шанхай қор биржасы
- Жібек жолы қоры
- NASDAQ

ӨНІМДЕР

- Акциялар
(IPO/SPO, Pre-IPO, аймақтық акциялар нарығының сегменті, Junior Mining, «Белдеу және Жол» сегменті)
- Борыштық құралдар
(мемлекеттік облигациялар, жеке орналастырулар (exempt/wholesale), исламдық және жасыл облигациялар)
- Құрылымдалған өнімдер (ETF, ETN)

АРТЫҚШЫЛЫҚТАР

- Шетелдік инвесторларға жақсы таныс әрі түсінікті реттеуші режим
- Әлемдік деңгейдегі инфрақұрылым
- NASDAQ жоғары технологиялық сауда платформасы

БӨЛШЕК ИНВЕСТОРЛАР ЖӘНЕ САУДА МҮШЕЛЕРІ

2024 жылғы мамырда бөлшек инвесторлар АХҚО биржасында 12 мың шот ашты. АХҚО биржасының сауда мүшелерінің саны Еуропадан 1 сауда мүшесі және БАӘ-ден 1 сауда мүшесі келуімен 40-тан 42-ге дейін өсті.


БӨЛШЕК ИНВЕСТОРЛАР

1,75 млн

Бөлшек инвесторлар

+12 мың

2024 ж.
мамырдағы жаңа
бөлшек
инвесторлар




Бөлшек инвесторлар – басқа тұлғалардың ұйымдарының өкілдерінен немесе қаражаттарын басқарушылардан айырмашылығы, қаржы нарықтарында өз қаражаттарын инвестициялайтын жеке тұлғалар.

САУДА МҮШЕЛЕРІ

42

Сауда мүшесі



АХҚО биржасының сауда мүшелері АХҚО биржасында қаржы құралдармен (акциялармен, облигациялармен) сауда жасауға құқылы. Олар өз клиенттерінің атынан мәмілелер жасайды.

AIX QAZAQ INDEX

2021 жылы іске қосылған AIX Qazaq Index (AIXQI индексі) қазақстандық және Қазақстанмен байланысты компаниялардың акциялары мен жаһандық депозитарлық қолхаттарынан (GDR) тұратын нарықтық капиталдандыру бойынша өлшенген индекс болып табылады. 2024 жылдың мамырында индекс көрсеткіштері сәл өсіп, рекордтық көрсеткіш – 1 337 жетті.

AIXQI ИНДЕКСІНІҢ МӘНІ


1 337

Индекс
мәні



Индекстің мәні қаржы нарықтарының жай-күйін бағалаудың негізгі көрсеткіші.

AIXQI ИНДЕКСІНІҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІ



Индекске енгізілген компаниялар – бұл бизнестен түсетін кірістері ішінара немесе толығымен Қазақстанда пайда болатын Қазақстанда тіркелген компаниялар немесе операциялық қызметтерінің елеулі үлесі Қазақстанда шоғырланған компаниялар.

* 2024 жылғы мамырдағы акциялар құнының өзгеруі

ЖАЛПЫ ШОЛУ

Сауда-саттықтың жиынтық көлемі жоғары көрсеткіштерді көрсетуді жалғастыруда: 2024 жылдың алғашқы 5 айында АХҚО биржасында \$663 млн-ға (2023 жылғы \$582 млн-мен салыстырғанда) сауда жасалды. Ұзақ өсу кезеңінен кейін нарықтық капиталдандыру \$72,5 миллиард долларға дейін аздап төмендеді, бұл акциялар бағасының нарықтық ауытқумен байланысты болды.


САУДА-САТТЫҚТЫҢ ЖИЫНТЫҚ КӨЛЕМІ

\$164M

2024 г. жылғы
мамырдағы
сауда-саттықтың
жиынтық көлемі

5 есе көп

2023 ж.
мамырмен
салыстырғанда




Сауда-саттықтың жиынтық көлемі – бұл қор биржасында сатылатын барлық акциялардың сомасы. Әдетте, сауда-саттық көлемінің жоғары деңгейі жоғары өтімділікті көрсетеді, бұл инвесторларға акцияларды сатып алуды немесе сатуды жеңілдетеді.

НАРЫҚТЫҚ КАПИТАЛДАНДЫРУ

\$72,5 млрд

Нарықтық
капиталдандыру



Биржаның нарықтық капиталдандырылуы қор биржасында сатылатын акциялар нарығының жалпы құны мен көлеміне шолуды білдіреді.

АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫНА ШОЛУ

2024 жылғы мамырда АХҚО биржасында сатылатын акциялардың көлемі \$17 млн құрады, бұл өткен жылғы мамырдағы көрсеткіштерден (\$7 млн) 2,5 есе жоғары.

ЛИСТИНГТЕР МЕН ЭМИТЕНТТЕР

20

Листингтердің
жалпы саны



Биржада орналастырылған компаниялардың (эмитенттердің) және листингтердің көбеюі, әдетте, нарықтың өтімділігін арттырады, бұл инвесторларға құнды мейілінше жоғалтпай акцияларды сатып алуға және сатуға мүмкіндік береді.


САУДА-САТТЫҚ КӨЛЕМІ

\$17 млн

2024 ж.
мамырдағы
акциялар сауда-
саттығының
көлемі

2,5 есе көп

2023 жылдың
мамырымен
салыстырғанда




Акциялардың сауда-саттық көлемі – бұл белгілі бір уақыт аралығында қор биржасында сатып алынған және сатылған компания акцияларының жалпы саны.


ТОП-5 АКЦИЯ

ҚҰН ӨСІМІ ЕҢ ЖОҒАРЫ ҮЗДІК 5 АКЦИЯ


Банк ЦентрКредит




OZON



Fix Price



Kaspi.kz




Қазатомөнеркәсіп




ЕҢ КӨП САТЫЛАТЫН 5 АКЦИЯ *


Polymetal



Air Astana



Halyk Bank



Қазатомөнеркәсіп




ҚазМұнайГаз




* Сауда-саттықтың жалпы көлемінен үлес (акциялар + GDR)

БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНА ШОЛУ

2024 жылдың мамырында борыштық міндеттемелер листингтерінің саны да, АІХ-тегі эмитенттердің саны да 8 жаңа листингпен және 4 жаңа эмитентпен өсті. АІХ-тегі борыштық міндеттемелермен сауда-саттық көлемі айтарлықтай \$47 млн-ға жетті, бұл өткен жылдың осы кезеңінде саудаланған \$6 млн-нан 7,5 есе көп.



Қолжетімді борыштық бағалы қағаздардың мол болуы инвесторларға инвестициялардың кең таңдауын ұсынады.



Борыштық қағаздармен сауда-саттық көлемі – белгілі бір кезең ішінде қаржы нарықтарында сатып алынатын және сатылатын борыштық бағалы қағаздардың жалпы сомасы.

ТАРТЫЛҒАН БОРЫШТЫҚ КАПИТАЛ

АХҚО биржасында тартылған борыштық капиталдың көлемі \$56 млн-ға ұлғайып, \$4,4 млрд құрады. Салалар бойынша инвестицияларды бөлу өзгеріссіз қалды, көшбасшылықты мынадай бағыттар сақтап қалды: инвестициялық қызмет, мұнай және газ және мемлекеттік бағалы қағаздар.


БОРЫШТЫҚ КАПИТАЛ

\$4,4 млрд

Тартылған
борыштық
капитал


+\$56 млн

2024 ж. мамырда
тартылған
борыштық
капитал




Борыштық капитал – бұл компанияларинвесторлар үшін облигациялардың әртүрлі түрлерін шығару арқылы тартатын қаражат.

САЛАЛАР БОЙЫНША БӨЛІНІС



Салалар бойынша бөлініс белгілі бір салалардың тартылған борыштық капиталдың жалпы көлемінен қанша үлесін алатынын көрсетеді.

2023-2024 жж. КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ КІРІСТІЛІГІ



Шетел валютасында (USD/EUR) орналастырылған облигациялар — АҚШ федералды қорының тиімді мөлшерлемесі *
 Теңгемен орналастырылған облигациялар — Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі

ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН БАС ТARTY

Бұл ақпарат инвестициялық ұсыныс емес.

Осы материалдағы деректер жарияланған сәтте рас болып саналады, алайда біз оған кепілдік бермейміз.

Материалда берілген тұжырымдар мен қорытындылар бастапқы және қайталама көздерден адал жиналған және АХҚО олардың дәлдігіне әрқашан кепілдік бере алмайтын ақпаратқа негізделгенін назарға алыңыз.

Осы материалда баяндалған тұжырымдар, түсіндірулер мен қорытындылар міндетті түрде АХҚО әкімшілігінің ұстанымын білдірмейді. Берілген ақпарат тек жалпы танысуға арналған.

АХҚО әкімшілігі осы материалды өз мақсатыңызға пайдалану үшін оның нақты немесе болжамды құзыреттілігі, растығы, сенімділігі немесе жарамдылығы туралы ешқандай мәлімдеме жасамайды және сондай екеніне ешқандай кепілдік бермейді.

ЕСЕП АВТОРЛАРЫ

АХҚО әкімшілігі

- Бектұров Альтаир
Деректер аналитикасы департаментінің директоры
- Қарымсақов Тимур
Деректер аналитикасы департаментінің бас менеджері

АХҚО Биржасы

- Әбілқасым Бахтияр
Есептілік департаментінің менеджері

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

- Сайт: www.aifc.kz
- АХҚО Биржасы: Markets@aix.kz
- Сауалдар: DataAnalytics@aifc.kz

